

Н. Ж. ДАУЛЕТКЕРЕЕВА

## ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІК ФЕНОМЕНДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазіргі акпараттық қарым-қатынас үрдісінде бір-біріне көреғар екі түрлі үрдіс орын алған: бірі – автордың жеке шығармашылығын қолдан, максималды еркіндікке қол жеткізу, екінші – өзін-өзі дәлелдеген белсенді қолданыстағы дайын ұлгілерді шебер пайдалану. Осы аталғаның сонғысына түрлі сипаттағы прецеденттік бірліктердің қолданылуын атауымызға болады.

Прецеденттік бірліктер (бұдан әрі – ПБ) – латын тілінен аударғанда (*praeccidentis*) – прагматикалық факторлармен қарым-қатынастағы семантикалық деривацияның нәтижесі болатын когнитивті трансформациялар. Прецеденттер терминінің негізін салушы Ю. Н. Карапулов болды. 1986 ж. өткен МАПРЯЛ-дін конгресінде бүгінгі танда оның теориясын одан әрі өрбітуші орыс ғалымдары – Д. Б. Гудков, В. В. Красных, С. Л. Кушнерук, Е. А. Нахимова, Г. Г. Слышикин, Р. Л. Смулаковскаялар.

ПБ – тіл шеберлігін анықтауға қатысты қолданылатын басым модельдердің бірі. ПБ турасында *когнитивті репрезентация* және *когнитивті негізделгі магынаның кеңеюі* деген түсініктер катар жүріп отырады. Аталмыш түсініктерге Д. Б. Гудковтың сөзімен анықтама берсек: «Когнитивная репрезентация объекта означает, что предложение или какая-либо другая часть дискурса активизирует относительно какого-либо объекта в сознании слушающего определенную часть его опыта, для которой используется лексическая и грамматическая подсистемы языка. Когнитивная база представляет собой определенным образом структурированную совокупность знаний и представлений в виде инвариантов, существующих и возможных представлений о тех или иных феноменах, которые хранятся в эволюционированном, редуцированном виде и которыми обладают все представители того или иного лингвокультурного сообщества» [1]. Демек, *прецеденттік атаулар* үғымы да лингвистиканың антропо-өзектік бағытымен астасып, оның «ортак нысаны» ретінде танылады. Мұны Е. А. Нахимованың монографиясында жасалған мына тұжырымдары дәлелдейді: «Прецедентные имена – это важнейшая часть национальной культуры в ее историческом развитии, тесно связанная с национальными

ценностями и традициями. Система прецедентных феноменов – это один из инструментов трансляции «культурной памяти» народа от одного поколения к другому и одновременно способ объединения народа вокруг его культурных ценностей и нравственных идеалов. Прецедентные феномены часто выступают как нравственные эталоны нации, фиксирующие ее оценку реальности» [2, 12].

Бұгінде ғалымдар прецеденттік бірліктер ішінде *прецеденттік феномендерді* ерекше атап, оларды сөз ойнатудың онтайлы тәсілі деп санды. О. А. Ворожцовың сөзімен айтқанда: «Прецедентные феномены подвергаются трансформации для того, чтобы вовлечь читателя в языковую игру с автором, создавая, таким образом, заинтересованность. Участие в “создании” смысла высказывания, самостоятельное восстановление интертекстуальных связей влечет за собой эмоциональную вовлеченность, что создает благоприятную основу для оказания запланированного воздействия» [3, 15].

Прецеденттік феномендерді Е. А. Нахимова *прецеденттік мәтін, прецеденттік айтылым, прецеденттік есімдер* және *прецеденттік жағдаят* деп жіктейді. Және олардың әр қайсысына төмөнделгідей сипаттама береді.

1. Прецеденттік есімдер: пьеса, сценарийлердің танымал авторы, атакты режиссер, белгілі балетмейстрлердің және қойылым кейіпкерлерінің, актерлердің есімдері; көркем шығарма атауы; күндік көрсеткішімен берілетін маңызды оқиға атауы; оқиғаның өткен орнын білдіретін атау; бизнес, компания, зауыт, банк нысандарының аты; кен танылған географиялық атау; мемлекеттердің тарихи тағдыры; кемелердің атауы.

2. Прецеденттік мәтіндер: пьесалардың атауы және олардың үзінділері, прозалық шығармалардың атауы, үзінділері.

3. Прецеденттік айтылым (высказывание): қойылымнан үзінді, афоризмдер, цитаталар.

4. Прецеденттік жағдаят: қойылымдағы жағдаят.

Ғалым осы аталғандарға коса, прецеденттік бірліктердің тілдік қолданыстағы қызметтерін де санамалап көрсетеді. Олар: бағалауыштық қызметі,

модельдеу (әлем туралы түсінік қалыптастыру), прагматикалық қызметі, парольдік қызмет (кодтау), сөз ойнату қызметі, эвфемистік қызметі (жұмсартып айтту) [2]. Біздің ойымызша, осы аталғандардың барлығы прагматикалық қызмет аясына саяды. Атап айтқанда, жоғарыда көрсетілген прецеденттік феномендердің коммуникативтік кеңістікке енуін олардың прагматикалық қолданыстық мәнмен сабактастыры, пресуппозициялық сипаты қамтамасыз етіледі.

Прецеденттердің арнайы түрі саналатын фондық білім де когнитивті лингвистика аясында қамтылады. Және де коммуникативті прецеденттер саяси, әлеуметтік, лингвомәдениеттік, діни, елтанымдық, психологиялық, кәсіби, интеллектуалдық білім аясын көрсетеді. Осылай сипатты прецеденттік мәнді біз тілдік бірліктің өмір сүруінің пресуппозициясы ретінде қарастырылатыны белгілі. Бұл туралы Н. А. Голубева «Слово. Текст. Дискурс. Прецедентные единицы» атты мақаласында «Прецедентное значение мы рассматриваем как пресуппозицию существования языковой единицы. Суть данных номинативных единиц обусловливается прецедентным содержанием, их когнитивная функция заключается в хранении общезвестных или нестандартных/необычных когниций» [4], – деп келтіреді.

Прецеденттік бірлік – оқырманды әлеуметтік қоғам мәдениетіне бейімдейтін тілімізде бұрыннан бар құбылыс. Оның прагматикалық сипаттының айрықша айшықталып, қолданыс тауып, қазіргі таңда ерекше коммуникативтік сапаға ие болуын көрсететін БАҚ-дағы дәйектелуі. Бүгінгі таңдағы ұлт санасы жаңғырып, егеменді казак мемлекеті қалыптасып жатқан кезеңнің әлеуметтік, рухани талап-мұддесіне сейкес прецеденттік атаулар қазақстандық газет тілінде өте белсенді қолданыс тапқан. Бұл оқырманның берілген акпаратты терен түсінуін қамтамасыз етеді. Солардың ішінен біз «Орал өнірі» және «Түркістан» сияқты аймақтық газеттерінде ұшырасатын прецеденттік мәтіндер туралы сөз етпекпіз.

Жоғарыда біз прецеденттік атаулардың төрт түрін және оның ішіндегі прецеденттік есімдерге сипаттама берген болатынбыз. Сол сияқты прецеденттік мәтіндердің қалыптасу, орнығы өрекше назар аударады.

Н. А. Тайырова өзінің кандидаттық жұмысында казак және орыс тілді газеттердегі прецеденттік мәтіндердің қалыптасуын кеңінен сөз етеді. Ол Қазақстан баспасөзіндегі прецеденттік мәтіндердің қалыптасуын былайша топтастыրған:

1. Элемдік классикалық көркем әдебиет (мұнда шетелдік, бұрынғы кеңестік және қазіргі ұлттық әдебиеттердің атаулары және олардан алғынған сөйлемдер, ұзінділер, олардың ішінде балалар әдебиеті атаулары мен үзінділері бар).

2. Сакралды мәтіндер (Құран, Библия кітаптарындағы сөздер мен сөз тіркестері).

3. Миғтер мен антикалық дәуір әдебиеттері.

4. Ауыз әдебиеті мен құлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер.

5. БАҚ өнімдері (кино аттары, кинодан үзінді, басты кейіпкерлер аты; мультфильмнен, жарнамадан, телебағдарламадан алғынған үзінділер).

6. Шетел, отандық авторлардың әндері.

7. Танымал тарихи факторлар.

8. Саяси дискурс.

9. Қоғамдағы кейбір әлеуметтік жағдайлар [5, 13].

Осы тұста біз жоғарыда көлтірілген прецеденттік феномендерге қазақ баспасөз беттерінен ұлттық сана мен ұлттық мұдде талабына сейкес қолданыстардың мысалдарын молынан көлтіріп, олардың прагматикалық қызметтерін жан-жақты талдауға болады. Алдымен **Маңдайалды мектептегі оқушы өлімі. Кім кінәлі?**... тақырыптымен берілген проблемалық мақалаға тоқталайық.

*...Марқұмның күнде көріп жүрген кластисанан өлімге қияттындағы қиянат күтпегені кәміл. Сенісін серттескен **Бекежанның** қолынан мерт болған **Төлегендей** қапыда кеткен... Дегенмен соңғы кездері атаулар мектепте кілең бастықтар мен байшыкештердің балаларын алатын болыпты деген әңгімені жиі естітін болдық («Естіген құлақта жазық жосқ»)... Өзіңіз аңғарғандай біз бұл мақалада мектеп директоры, қалалық және облыстық білім басқармалары басшыларының тікірлеріне де құлақ түрін, орын бердік. Қаншама «болар іс болды, бояуы сіңді» дегенмен, орын алған оқыға кім-кімге де сабак болгай (Орал өнірі. 25.08.2009ж. Ж. Шамұратова). Бұл мысалда прецеденттік есімдер арқылы кенеттен ажал құшқан баланың Төлеген секілді Бекежаннан қиянат күтпегені ұтымды салыстырылады. Мұндағы прецеденттік есімдер прагматикалық мақсатта жұмсалып, оқиғаның оқырманға әсерлі жеткізуіне себепкер болып тұр. Осы орайда біз автордың білімдарлығына, кәсіби талғамына куә боламыз. Себебі адресант қазақ лиро-эпосындағы кейіпкерлердің көпшілікке етене таныс екендігін ескере отырып таңдау жасады. Сондай-ак, халық аузында жүрген мақал-мәтеддер де ұтымды қолданыс табады. Демек жазудың имплицитті мәннеріне орай адресант көп жағдайда төуелді. Себебі*

ол өз өнімін дайындауда адресаттың жалпы тезаурусын, тіл құралдарын білуін, шығармашылық белсенділігін ескереді.

Арнайы зерттеу жұмысы барысында газет беттерінде прецеденттік айтылымдардың колданылу үлесі БАҚ-тың басқа тұрларіне қарағанда басымда екендігін анғардық. Алайда олардың көбі қолданыс барысында бағалауыштық қызмет атқарғаны байқалады. Бұдан келіп шығағын жайт – белгілі бір құбылысқа адамның баға беруі оның ажырамас қасиеттерінің бірі, осы әрекеті арқылы адам өзін қоршаған ортаға жағымды не жағымсыз немесе бейтарап қарым-қатынасын білдіреді. Бағалау сөйлеушінің эмоционалды күйінен хабар береді. Бұл екінші жағынан бағалауға пікірлесушінің назарын аударып, оған белгілі бір денгейде прагматикалық өсер етумен де байланысты. Атап айтқанда, прецеденттік феномендер бір жағынан, белгілі бір ұлттық қоғамдастықтағы лингвомәдени бағытты бағдарлауға, бағалауға қызмет ететін мәдени құндылығы бар ақпаратты жеткізуі үғымдар. Екінші жағынан, құндылықтар жүйесінің қолданысы сол қоғамдастық өкілдерінің өлеуметтік әрекетін, тәртібін т.б. реттейді. Ворожцова О. А., прецедентті феномендердің осы ерекшелігінің саяси дискурста, мысалы, сайлаушылардың алдындағы сөздері ықшам да, өсерлі болу мақсатында үміткерлердің калай қолданатынын арнайы зерттеген [3, 10].

Қазак тілді газеттердің мәтіндерінің мазмұны да бұл мәселені айшықты дәйектейді. Дәл осы пікірді **Жайықты жабылып құтқару керек** деген мақаладағы прецеденттік мәтінді талдау арқылы тағы да дәлелдей түспекпіз. Онда қазақ халқының жауынгер ақыны М. Өтемісовтің жырынан үзінді алынады. Мысалы: *Біз әне, міне деп жағамыз жайлайда жүргенде, сұы таусылып, балығы қырылып қалып, құндердің қунінде «толарсақтан саз кешіп» жүрмес не екенбіз?* Мұндағы прецеденттік мәтін арқылы адресант экологиялық мәселенің кезек күттірмейтіндігін тамаша жеткізеді.

Прецеденттік мәтіндер газеттің сұхбат жанрында да сәтті қолданылады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін «**Әлеуметтік жұмыс орны үш есе көбейеді**» тақырыптымен берілген сұхбатты талдап көрелік.

*...Қазір ешкім де аши-жалаңаш қалатын кез емес. Абай атамызың «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тілінбей», – деп айтқандай, оның сыртында мемлекет тарапынан тұрмыстары төмен отбасыларына балаларға берілетін жәрдемақылармен көмек*

көрсетіп отыр. ...**Жоқшылықтың зардабын шегін, қыындық пен кедейлік ауыртпалығын қасқая көтепре білген, ерте есейген біздің аталарамызы «Қанағат қарын тойғызып, қанагатсызық жалғыз атын сойғызып»** деген қанатты сөзін көңілге түзе білгениміз шыгар, адамдықтың шырағын жағып отырганымыз (Орал өнірі. 28.03. 2009 ж. Г. Эжереева). Бұл жерде бағалауыштық қызмет сәтті жүзеге асып отыр. Халық санасына сінірліген қанағатшылдық мінезі аркасында бүгінгідей бейбіт өмірді бастан кешіріп отырғандығымыз мақтандышпен айтылады. Мұндағы прагматикалық жүк Абайдың афоризміне артылып тұр. Және де бұл прецеденттердің қайталамалық сипатта болуының өзі мәтіннің өсер ету қарқының бүрынғыдан бетер артыра түскендей. Демек прецеденттік мәтіндерде морфологиялық қайталамалар үйқасып келіп, синтаксистік параллелизмді жасайды.

Прецеденттік айтылымдар газеттің хабарландыру, жарнама мәтіндерінде де кеңінен қолданыстауып жүр. Мәселен, **Қатысыныз: мушайра!** тақырыптымен берілген жарнама соның дәлелі болмак.

Бұл олең додасына қатысатындардың жасасына шек қойылмайды. Үміткерлер бір-бір жырдан газет редакциясына биылғы мамырдың 1-інде дейін жолдауы керек. Қойылатын басты талап – еліміздің дәгдарыстан шығу жолдарын нұсқап, жүртиштықты бірлікке, елдікке үндеу, «**мың өліп, мың тірілген**» халқымыздың ынтымагын жырга қосу. Мушайраның бас жүлдесі – 100 мың, екінші орын – 50 мың, ушинші жүлде 30 мың теңге көлемінде белгіленіп отыр. Сонымен, іске сәт, ақындар! (Орал өнірі. 12.03.2009). Жоғарыда келтірілген мысалда Жұбан Молдагалиевтің «Мен – қазақын» олеңінен алынған үзінді – мәтін мазмұнын терең ашуға себепкөр болып тұрған прецеденттік мәтін.

Прецеденттік бірліктер газет тақырыптарында да жиі қолданылып, оның женіл қабылдануына, қызығушылығын оятуға себеп болады.

Қорыта айтқанда, газет беттерінде ұшырасатын прецеденттік атаулар адресатқа өсер ету арқылы прагматикалық қызмет аткарады. Олар республикалық және аймақтық газет жанрларының проблемалық мақала, сұхбат, портрет тұрларінде, сондай-ақ хабарландыру, жарнама топтамаларында, олардың тақырыптарында жиі кездеседі. Әсіресе «Орал өнірі» аймақтық газет мәтіндерінде прецеденттік мәтіндер жиі ұшырасады. ПБ адресантка адресатта бар білім қорына сүйене отырып олардың қоршаған өлем туралы түсінігін

өзгертуге көмектесетін, берілген жаңа ақпаратты терең түсінуге себепкер болатын прагматикалық күшті құрал.

### ӘДЕБІЕТ

1. Гудков Д.Б. Прецедентные феномены в текстах политического дискурса в СМИ [http://mirrabit.com/work/work\\_7268.html](http://mirrabit.com/work/work_7268.html).

2. Нахимова Е.А. Прецедентные имена в массовой коммуникации. Екатеринбург. 2007. 207 с.

3. Ворожцова О.А. Лингвистическое исследование прецедентных феноменов в дискурсе российских и американских президентских выборов 2004 года: Автореферат дис. ... канд. филол. наук. Екатеринбург, 2007. 24 с.

4. Голубева Н.А. «Слово. Текст. Дискурс. Прецедентные единицы». Язык, коммуникация и социальная среда. Нижний Новгород, 2007. Вып. 5. С. 152-168. [nagol@mail.ru](mailto:nagol@mail.ru).

5. Тайырова Н.А. Функционирование прецедентных текстов в русскоязычных и казахскоязычных газетах: Автореферат дис. ... канд. филол. наук. Алматы, 2002. 28 с.

### Резюме

Статья посвящена проблеме прагматической функции прецедентных феноменов в казахскоязычных региональных газетах. Основываясь на исследованиях российских ученых по данной проблеме, определяется суть функционирования прецедентных единиц в текстах газет в контексте принципов прагмалингвистики.